

*Ақсу қаласындағы дарынды балаларға арналған  
мамандандырылған гимназия*



***БАЛАУСА***

*мектепішілік газеті*

*Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған  
гимназияда*

*3-тілде оқыту барысы*

*«Көптілділік білім беру - зияткер ұлтты қалыптастыруға  
жетелейтін жол»*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 19.03. 2004 жылғы «Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінде Үш тілді оқытуды енгізу бойынша эксперимент жүргізу туралы» №228 бұйрығына сәйкес гимназияда 1 қыркүйек 2005 – 2006 оқу жылынан бастап «Үш тілде оқыту» эксперименті енгізілді.

Орыс тілі 1-11 сыныптар

Ағылшын тілі 1-сыныптан бастап

Қытай тілі 3-8 сыныптар

Бүгінгі күні гимназияда физика, биология пәндері ағылшын тілінде оқытылып келеді.

*2014-2015 оқу жылы көп тілділік пәндерге төмендегі  
пәндер жатады:*

ағылшын тілінде  
физика (7а,ә, 8, 9ә  
сыныптар)

орыс тілінде  
«Литература  
Прииртышья» арнайы  
курсы, 7а сынып

қытай тілі факультативі,  
3-8-сыныптар.

ағылшын тілінде биология  
(факультатив, 5а, 6ә  
сыныптар)

"Ағылшын мәтінін  
талдау" факультативі 8-  
сынып




## Оқушылар жетістігі-мектеп мәртебесі

### Пән олимпиада қорытындысы

Қайыржанова Әдия-орыс тілі мен әдебиеті I орын	Боранбай Бихан-Қазақстан тарихы I орын	Алимова Нурай-орыс тілі мен әдебиеті II орын	Искакова Мадина-ағылшын тілі II орын	Жанкушуков Аманат-құқық II орын
Қабылда Алибек-құқық II орын	Успанова Айгерім-география III орын	Ермек Әділет-биология III орын	Жұмағұл Әділжан-физика III орын	Турапекова Айым-құқық III орын
	Баяманова Гулден-Қазақстан тарихы III орын	Жандарбек Жакан-Қазақстан тарихы III орын	Мажинова Эльмира-қазақ тілі III орын	

---

### Ғылыми жобалар сайысының қорытындысы



### Республикалық ғылыми жоба сайысында

11 сынып оқушылары Успанова Айгерім және Амиргалиева  
Мадина II орынды

Жолдас Азамат III орынды

10 сынып оқушысы Ибрайкина А «Дарын» РҒПО-ң Құрмет  
грамотасымен марапатталды




#### • Халықаралық

Жолдасбеков атындағы ғылыми жоба сайысында 11 сынып оқушылары Жолдас Азамат және Жұмагүл Әділжан III орынды иеленді.

### Облыстық «Зерде» ғылыми жоба сайысы 2014-15 оқу жылы.

№	Оқушының аты- жөні, сыныбы	Алған орны	Жетекшісі
1	Успанова Аймира, Жандарбек Акрам	<b>I орын</b>	Кадирбаева Гулжахан Раимовна
2	Мағзумова Айшабибі	<b>II орын</b>	Баядилова Асем Канатовна
3	Кунтаева Амина	<b>II орын</b>	Нургалиева Дария Амантаевна
4	Кабышева Динара, Айдарханова Аружан	<b>II орын</b>	Сыздыков Азамат Жанайдарович, Джамалбаев Мейрам Сағатович
5	Жанибек Жансая, Кабдыкаримова Даяна	<b>II орын</b>	Сыздыков Азамат Жанайдарович, Бекбасова Бахтулла Шариповна
6	Карибаева Малика	<b>номинация</b>	Ибрайкина Карлығаш Мухтаровна
7	Тұрысбекова Анель, Иманбаева Ясмин	<b>II орын</b>	Кадирбаева Гулжахан Раимовна

**Республикалық «Зерде» ғылыми жоба сайысында 5 сынып оқушылары жүлделі ІІ орынға ие болды. Жетекшісі: Кадирбаева Г.Р.**



### *Түрлі білім сайыстары*

	Қатысқан оқушылардың саны	Орын		
		I	II	III
Халықаралық Ломоносов турнирі	<b>5</b>	<b>1</b>	-	-
Экономика пәнінен олимпиада	<b>3</b>	-	-	<b>3</b>
Көптілділік олимпиада	<b>2</b>	-	-	<b>1</b>
Облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасы	<b>1</b>	-	-	<b>1</b>
Облыстық жасөспірімдер олимпиадасы - тарих	<b>2</b>	<b>Бас жүлде</b>	-	-
Облыстық жасөспірімдер олимпиадасы – қазақ тілі	<b>3</b>	-	<b>1</b>	-
Облыстық жасөспірімдер олимпиадасы - жаратылыстану-ғылыми және математика бағытында кешендік олимпиада	<b>1</b>	-	<b>1</b>	-
Облыстық математикалық турнирі	<b>Топ (3 оқушы)</b>	<b>1</b>		

## **Бастауыш мектеп оқушыларының арасындағы II облыстық математикалық турнир**



2015 жылдың 8 сәуір күні Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беретін мектебінде 2-4 сынып оқушылар арасында II облыстық математикалық

турнир өткізілді. Турнир екі кезеңде өтті. Бірінші командалық кезең оқушыларда жоғары, бірінші, екінші лигаларға үлестіру мақсатымен жазбаша түрде өткізілді. Екінші кезең жеке жазбаша және ауызша командалық айналымда өткізілді. Турнирдің қорытындысы бойынша үшінші сыныптар арасында III дәрежелі дипломмен гимназияның 3-сынып оқушысы Есмұханов Аңсар марапатталды. Аңсарды және оның тренері Елубаева Мариям Сейсенқызын құттықтаймыз!

## **«Грация» халықаралық шығармашылық фестиваль- конкурсы**

2015 жылдың 28-31 наурыз аралығында Астана қаласында өткен «Грация» Халықаралық шығармашылық фестиваль конкурсында

«Еркетай» тобының мүшесі 4ә-сынып оқушысы Қаршыға Аружан III орынды иеленді.



## **Мұғалімдердің облыстық XI пәндік олимпиадасы**

2015 жылғы 27 наурызда Инновациялық Еуразия



университетінде Павлодар облысының білім беру басқармасының

ұйымдастыруымен мұғалімдердің XI облыстық пәндік олимпиадасы өткізілді. Олимпиада қорытындысы бойынша гимназияның физика пәнінің мұғалімі Атик Бибигуль Васильевна I дәрежелі дипломымен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Бибигуль Васильевнаны шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жеңістер тілейміз!

## **Өнерімен тамсантқан «Айгөлек» бишілері**

Жыл сайын «Казхром» ТҰК, «Ақсу ферроқорытпа зауыты» АҚ бөлімшесі өткізетін «Айналайын»

шығармашылық фестиваліне «Айгөлек ансамблі» бес жыл қатарынан қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. 2015 жылдың 25-31 сәуір аралығында Ақтөбе қаласында «Казхром» трансұлттық компаниясы акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Айналайын» шығармашылық фестиваліне қатысып, Гран-приді ұтып алды. Құттықтаймыз!



## Гимназияда психология апталығы өтті



Ақсу қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияда 6.04.15.-11.04.15. аралығында психология апталығы болып өтті. Алдын ала апталықтың өтілу барысында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарланып, олардың өтілуіне жауаптылар бекітілді. Апталықтың алдына қойған негізгі мақсаты: Психология ғылымының маңыздылығын насихаттау. Мектеп ұжымының оның ішінде оқушылардың, ұстаздардың психологиялық денсаулықтарын сақтау, әрі нығайту.

Апталықта мектеп ұжымы толықтай қамтылды деп айтуға болады: бастауыш, орта, жоғары сыныптармен олардың жас ерекшеліктеріне байланысты іс-шаралар, атап айтсақ ойындар, сайыстар, тренингтік жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар ұстаздар қауымы да тыс қалған жоқ. Аптаның әрбір күні белгілі бір мақсатқа бағытталған ұжымды топтастырып, көңіл-күйді көтеріп, жұмыс күніне белсенді серпіліске бағыттайтын акциялармен басталып, үзілістегі ойындармен, тренингтермен жалғастырылып отырды. Балалар іс-шараларға өте белсенділікпен,



қызығушылықпен қатысты. Аптаның соңында апталықтың қорытындысы айтылып, ерекше белсенділік танытқан, өнерлерін, шапшаңдықтарын, ұйымшылдықтарын көрсете білген оқушылар, сыныптар, ұстаздар марапатталып, оларға алғыс білдірілді. Алдағы уақытта да психология апталығы өз жалғасын табу керек деп ойлаймыз, өйткені бұл іс –шара психология ғылымының қыр-сырын насихаттау, мүмкіндіктерін пайдаланудың бірден-бір жолы.

## *Жас ғалымдар ерледі*



2015 жылы 10-сәуір күні Павлодар қаласында Торайғыров атындағы ПМУ-де «XV Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Конференцияға гимназияның оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. I орын - Успанова Айгерім, Амиргалиева Мадина (11-сынып), Аскарбек Әділ, Хасанова Айдана (10-сынып), Жандарбек Жақан, Омирзаков Жанибек (9а-сынып), II орын Қайыржан Санжар, Турапекова Айым (10-сынып).

## *Математика пәнінен КИО нәтижелері*

2015 жылы 7 сәуір күні математика пәнінен КИО өтті. Олимпиада қорытындысы бойынша ба-сынып оқушысы Куатов Алихан I орынға, 7а-сынып оқушысы Кабышева Динара II орынға ие болды. Мұғалімі Давлятчина Салима Васильевна. Құттықтаймыз!

## *5-7 сыныптар арасында кіші мектепшілік олимпиада өткізілді*

Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 116 жыл толуына байланысты 9 сәуір күні гимназияда 5-7-сынып оқушылар арасында кіші мектепшілік пән олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға 111 оқушы қатысып, 76 оқушы жүлделі орындарға ие болды. "Ең үздік кіші олимпиадалық сынып" номинациясына 5а-сынып ие болды. 5а-сынып оқушысы

Успанова Аймира "Абсолютты жеңімпаз" болып атанды

## *«Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау салтанаты*

2015 жылдың 30 сәуір күні Қазақстан халықтарының бірлігі күні аясында гимназияда оқушыларды "Жас Ұлан" ұйымының қатарына қабылдау салтанаты болып өтті. "Жас ұлан" республикалық



ұйымының қатарына оқушыларды қабылдау рәсімін өткізу гимназия ұстаздарымен "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшелеріне берілді.

## *«Жас тілші - 2015» қашықтық конкурсы*

2015 жылдың 25 қаңтар мен 18 наурыз аралығында «Балалардың ақпараттық кеңістігі: кәсіби іс, шығармашылық, қаржылар» тақырыбына "Бақытты жұлдыз



астында" атты балалар мен жастар бұқаралық ақпарат құралдарының XI Халықаралық жас тілшілер медиафестивалі аясында "Жас тілші – 2015" қашықтық конкурсы өткізілді.

Конкурстың қорытындысы бойынша гимназияның 11-оқушысы Каиржанова Адия ерекше



жетістіктері үшін дипломмен марапатталды.

### Республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасы



2015 жылдың 3-5 мамыр күндері «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы «Тарих ата»

республикалық қашықтық олимпиадасының қорытынды кезеңін Ақмола облысындағы Щучинск қаласындағы «Балдәурен» СОСО өткізді. Олимпиада қорытындысы бойынша 8 сынып оқушысы Боранбай Бихан жүлделі І орынға, 6 сынып оқушысы Берденбек Аманжол ІІІ орынға ие болды. Биханға «Балдәурен» СОСО демалуға жолдама берілді.

### Ең үздік сайт

Облыс білім беру басқармасы мен ақпараттық технологиялар орталығы 2015 жылғы 1 ақпан мен 13 наурыз аралығында



Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына арналған «Ерлік, даңқ, батылдық туралы» білім беру ұйымдары сайтының үздік бөлімі облыстық конкурсын өткізді. Конкурстың қорытындысы бойынша біздің гимназия І

дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Құттықтаймыз!

### «Мен және менің коучингім» атты республикалық бейне коучинг-сабақтар байқауы

2014 жылдың 1 қазаны мен 15 желтоқсан аралығында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Деңгейлік бағдарламалар орталығы екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер арасында «Мен және менің коучингім» республикалық бейне коучинг-сабақтар байқауы өткізді. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Бакирбекова Гүлбану Абусыздыққызы «Шығармашыл коуч» номинациясына ие болды. Құттықтаймыз!

### Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы

Апталық қазақ халқының «Үш бәйтерегі» атанған Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин өмірі мен шығармашылығына, қазақ әдебиетіндегі айтулы ақын, драматург дарындыларына арналды. «Бояулар сыр шертеді» тақырыбында ақындар шығармашылығына арналған газеттер сайысында Іорынды 5«а»сыныбы, ІІорынды 8-сынып ІІІорынды 10-сынып иеленді. Ақындардың өмірі мен шығармашылығы, қоғамдық қызметі туралы «Викториналық сұрақтар» сайыс қорытындысы бойынша Іорынды 5-7-сыныптар арасында 6 «ә» сыныбы, ал 8-10-сыныптар арасында 10-сынып оқушылары жеңіс тұғырынан көрінді. «Елім деп жырлаған үш бәйтерек» атты мәнерлеп оқу сайысының қорытындысы бойынша ІІІ орынды 8-сынып оқушысы Қарабек Айзада, ІІ орынды 6ә-сынып оқушысы Гармаева Диляра, І орынды 6ә –сынып оқушысы Рамазанова Аяулым иеленді. Апталық



### *Бабалар ерлігі – ұрпаққа аманат*

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған 8,9,10-сыныптарда «Ленинград блокадасы: Ерліктің 900 күні», 6-7 сыныптарда «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар», 5- сыныптарда «Жеңіс күнін жақындатқандар» атты қазақстандықтардың ерлігіне арналған тақырыптық тәрбие сағаттары өз дәрежесінде өткізілді.



5-10 сыныптар аралығында «Ұлы бабалар



тағлымы» атты шығармалар байқауында шығармашылығымен, ізденушілігімен, сөздік қорының молдығымен жеңіске жеткен оқушылар:

8 мамыр күні гимназияның

Даңқ залында ҰОС 70-жылдығына арналған «Бабалар ерлігі – ұрпаққа аманат» атты саптүзеу өтті.



Саптүзеу барысында 1-4 сынып оқушылары соғысқа қатысқан аталары, олардың ерлік жайлы әңгімелесе, 5-10 сынып оқушылары жерлес батырларымызға арнап шығарған кітаптарын Даңқ залындағы көрмеге қойды.


9ә-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ер есімі – ел ісінде» атты салтанатты жиын

өтті.



## Оқушылар шығармашылығы

### Батыр бабаға тағзым



Қаймықпаған қиындықтың түгінен.

Өздеріңе жинап  
қырдың гүлінен,  
Бүгінгі ұрпақ -  
бақытты ұрпақ  
атынан

Құттықтаймыз Ұлы  
Жеңіс күнімен!

Менің ұлы атам  
Жұманов Арын

Жұманұлы 1913 жылы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Жаңатап ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында 1942 ж Қызыл Армия қатарына Арын атам да шақырылыпты. Ол 1944 жылы неміс-фашист әскерлерінен Ленинградты (қазіргі Санкт-Петербург) қорғауға ат салысты. Өзінің қырағылығы мен қайсарлығының арқасында 215-шы атқыштар дивизиясының, 215-ші атқыштар полкінің артиллерия басшысы болады. Осы соғыста ауыр жарақаттанады. Бірақ 1945 жылы 9 мамырда Кеңес қызыл армиясы Германияның астанасы Берлин қаласының төбесіне Жеңіс туын тіккенге дейін соғыста болған.

Ол « I дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Отан соғысы II дәрежелі» ордені, «Қызыл жұлдыз», «Ерлігі үшін» медалі, II, III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған және тағы да басқа медальдері бар.

Қазак: «Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді» деген ғой. Атам Жеңіс аяқталған соң, туған ауылына келіп, 30 жыл бойы аянбай қызмет еткен. Ауылдың көркеюіне көп үлес қосқан

адам. Біз, ұрпақтары, осындай ардагер атамды әрқашан мақтан тұтамыз.

шөбересі Қабыкен Жандос, «Көркем сөз шебері» үйірмесінің мүшесі, бә-сынып



Әріп ата майданнан қайтқан кезде (2қатарда оң жақтан бірінші отыр)

### Жеңіс туын желбіреткен атам

Ел басына күн туған кезде өз Отандары үшін жанын қиып, өз өмірінен халық тағдырын биік қойған адамдар жетерлік. Сондай адамдарды – батырлар деп атайды. Осындай батырдың ұрпағы ретінде мен де өз атамды мақтанышпен еске алғым келеді. Атам Әріп Мұстафин бұрынғы Павлодар облысы, Каганович ауданы, Жаңа тілек ауылында 1898 жылы туған. Бұл қазіргі Павлодар облысы, Май ауданы, Баскөл селолық округінің «Жаңа тілек» бөлімшесі. 1974 жылы туған жерінде дүниеден өтті.

1941 жылы соғысқа аттанып, қатардағы жауынгер ретінде 314- дивизияның 1078-полк қатарында соғысқа араласып, Ленинград блокадасын бұзуға қатынасады, алайда 3 жерден ауыр жараланып, тіпті оқ өкшесін де жұлып кетеді. Жарты жыл емделген соң 1945 жылы қазан айында мүгедек болып елге оралады. Аяғына тиген қорғасын отты

1974 жылы қайтыс болғанда өзіменен бірге ала кетті.

Туған жерінде еңбекке ерте араласады. 1929 жылы “Жаңа тілек” колхозы құрылғанда соның ірге тасын қалағандардың бірі. 1933 жылдан сауын гүртінде бригадир болып қызмет атқарды. 1937 жылдан соғысқа шақырылғанша «Жаңа тілек» колхозының бастығының орынбасары болды. 1946-1948 жылдар арасында Құркөл ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет жасады. 1948-1958 жылдар арасында сауын фермасының меңгерушісі болды. 1958 жылы зейнет жасына жетіп зейнеткер болды.

Міне, ел басына қатер туған күнде де, бейбіт өмірде де ауыр бейнетте өмір кешкен атамның өнегелі өмір сүріп, жақсылық атаулының болашақта жалғасын табуы үшін жанын да аямаған ерлік істері мәңгі есімде сақталады. Осындай менің атам секілді есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды! Сіздерге мың тағзым, құрметті майдангер – батырлар!

**6 «ә»-сынып оқушысы Каршигаева Айгерім**

## *70 - мәрте желбіреген Жеңіс туы*



Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған

жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың еңбегінің айқын дәлелі.

Соғысқа қатысып, Жеңіске жетуге зор үлесін қосқан Ибрай Мұхамеддиұлы атам туралы айтып кеткім келеді. 1942 жылы ол армия қатарына қосылып, Ленинградтық майданға бағытталды. Үш ай бомбалаудың астында өткізді. Сол бомбалаудың бірінде ұлы атам ауыр жарақаттанды. Соғыс майданынан оны өзі де жарақат алған полктас досы шығарып алады. Жараны емдеп жазу үшін ұлы атам жарты жыл әскери ауруханада жатты. Кейін оны демобилизациялап, үйіне қайтарды.

Атам «Ленинградты қорғау үшін» және тағы басқа, соның ішінде мерейтойлық медальдардың иегері. 9 мамыр – оның ең сүйікті мерекесі болған.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді есте сақтау. Ардагерлерімізге лайықты кәрілікті қамтамасыз етіп, оларға көмектесу керек.

Ұлы жеңістің күнімен барша Ақсулықтарды құттықтаймын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кесірінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің аспаны ашық, даласы кең болсын!

шөбересі Калиева Дильназ,  
гимназияның «Көркем сөз шебері»  
үйірмесінің мүшесі, 7а -сынып оқушысы

## *Даңқты Ерлердің аты мәңгі өшпейді!*

«Туған ұлдан не пайда – қолына найза алмаса, атаның жолын қумаса..»

Махамбет

Сонау зұлматты жылдар аралығы қазақ халқының ең азапты, қайғылы кезеңдерінің бірі. Ол кезең – Ұлы Отан соғысы кезеңі. Қазақстан біртұтас

халықтар отбасында Ұлы Отан соғысына қатысты. Сондықтан да соғыс пен ол туралы зерде - көпұлтты Қазақстанның жалпы тарихының бір бөлігі. Қазақстандықтар елімізді кеудесімен жауып, дүниені фашизмнен сақтап қалған аға ұрпақтың ерлігін ешқашан ұмытпайды. Сіздердің қаһармандықтарыңызға лайық болуға ұмтылып оған бас иеді. Сол бір сұрапыл жылдарда жүзден астам ұлт пен ұлыстан тұратын біртұтас отбасының барша туысқан халықтары иық тірестіріп біртұтас Отанды қорғауға көтерілді, ерлікпен шайқасып, жанқиярлықпен еңбек етті. Қазақстан сол кезде елдің мобилизациялық орталығына айналды. Біздің елімізде ондаған дивизиялар, бригадалар мен жекелеген бөлімдер құрылды. Олар барлық майдандарда соғысты.

Ұлы Отан соғысына қатысқан, халқымызды аман сақтап қалған жаужүрек батырларымыз көп. Осылардың ішінде менің бабам - Сейкенов Тілеген атам да бар. Ол 1897 жылы дүниеге келген. Тлеген ата Ұлы Отан соғысының батыры, екінші Дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері. Ол фашистерге қарсы шайқастарға шыққан, халықты осы азаптан құтқаруды мақсат еткен. Ер жүрек атамды оның туыстары ғана емес, барша халық қадір тұтатыны сөзсіз.

Қазір, міне, соғыстың біткеніне 70 жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде тәуелсіз еліміз бейбіт ғұмыр кешіп, болашақта да тыныш өмір, халықтың арасында достық нығая түсетініне сенімдеміз. Соның бәрі, жерімізді аман сақтап қалған сұрапыл соғыс ардагерлеріміздің, аянбай еңбек еткен тыл ардагерлеріміздің арқасы. Олардың мәртебесі өте жоғары, рухтары биік. Олардың ерлігін

мәңгі құрмет тұтып, алғыс айту - біздің басты парызымыз!

Гимназияның «Көркем сөз шебері»  
үйірмесінің мүшесі,  
7 «а»-сынып оқушысы Тас Дариға

-----

### *День Победы*

В этом году исполняется 70 лет Великой Победе. Великая Победа отмечается 9 мая. Девятого мая все люди собираются в Аксуском городском парке, где горит вечный огонь, и минутой молчания почитают память Ветеранам Великой Отечественной Войны, погибшим за нас. Девятое мая очень важный праздник. Наши прадеды участвовали в войне, ради своей земли и за будущее. Наши герои войны - Бауыржан Момышулы, Маншук Маметова, Алия Молдагулова. Война шла 4 года с 1941 года по 1945 год. И сейчас, в мае 2015 года, мы, дети 21-го века, со слезами на глазах будем отмечать 70-летие Великой Победы в этой войне. Немногие выжили после войны.

Я всегда буду благодарить и ценить тех людей, которые участвовали в войне!

Ученица 3 класса  
Омурбаева Данель

-----

### *Ұлы Отан соғысы*

Соғыс... Бұл сөзді естігенде жүрегім түршігеді. Неткен жағымсыз, неткен жан түршіктірер сөз десеңші...

Бейбіт өмір сүріп жатқан совет елінің тыныштығын 1941 жылы фашистік германия әскері келіп бұзды. Оқыстан келген бұл соққы алғашында елді

есеңгіретіп жіберді. Бірақ көп кешікпей халық тез есін жиып алды.

Отан! Отан!

Сен болмасаң не етер ем?

Өмірден бұл өксуменен кетер ем,- деп Мұқағали ақынымыз жырлағандай, өз Отанын қорғау үшін совет үкіметінің халқы жұмыла көтерілді. Мұның ішінде қазақ елі де сырт қалған жоқ. Қазақ халқы ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қасық қандары қалғанша соғысқанын көреміз. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы да жеткілікті.

Бұл сұрапыл соғыс 4 жылға созылды. 4 жылдың ішінде қанша адам қаза тапты, қанша адам жараланып, мүгедек болды десеңші... Қай-қай соғыстың да қара халықты тұралатып кететінін тарих дәлелдеген. Соғыс тек майданда ғана емес, тылда да жүріп жатты. Елде қалған балалар мен әйел адамдар, қарт адамдар «Барлығы да майдан үшін!» деген ұранмен заводтарда, егістерде күні-түні жұмыс жасады. Кеңес Одағы халқының жеңіске деген сенімі мен еліміздің әр азаматы Отаны үшін жан пиде етуге дайын болуының нәтижесінде Гитлердің жоспары іске аспады. 1945 жылдың 9 мамыр күні совет әскерінің жеңіс туы Берлин қаласына тігілді. Фашистік германия жеңіліс тапты.

Міне, биыл жеңіске 70 жыл толады. 70 жылдың ішінде елімізде қаншама өзгерістер болды. Қазақ елі өз тәуелсіздігін алып, көптеген жетістіктерге жетті. Бүгінгі күні елі мен жері үшін күрескен ардагерлеріміз саусақпен санарлық қана қалды. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, ерлігімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай,

жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Ер есімі – ел есінде»,- демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты өмір сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

*Ұзақбай Нұрайым ба-сының*

---

### *Ардагер аталарымыз*

Біз қазір бақытты өмір сүріп жатырмыз. Жерімізде бейбітшілік орнаған. Бұл ардагер аталарымыздың арқасы. Төрт жылға созылған соғыста аталарымыз жеңіске жетті. Олардың жүректері «Отан» деп соққан. Соғыс ардагерлеріне айтар алғысым шексіз. Оларды мәңгі мақтан тұтамын. Біз үшін жанын берген адамдарды ұмытпайық!

*Шакбекова Даяна 4ә*

---

### *Жеңісті жақындатқандар*

Әр жылы 9-мамырда Жеңіс күні тойланады. Биыл Жеңіске 70 жыл толды. Қаншама жыл өтсе де, сол соғыс ұмытылмады.

Соғыста талай адамның қаны төгіліп, кейбір ардагерлер аман келді. Шайқастарда Б.Момышұлы өзінің тапқырлығымен, батырлығымен көзге түсті. Оның соғыс туралы әңгімелері мен повестері бар. Ерлігі үшін Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Леонид Беда және Иван Павлов екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Шығыстың қос жұлдызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова соғысқа өз еріктерімен қатысып, Кеңес Одағының

«Балауса» газеті 2015 жыл №4

Батыры атанды. 1945 жылы Берлиндегі үкімет үйі Рейхстакка Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын тікті.

Бұл соғыс өте ауыр болды. Біздің ардагер аталарымыздың арқасында біз бейбіт өмір сүріп жүрміз. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

*Хасенов Еркебұлан 4ә-сынып*

### Жеңіс күні

Жеңіс күні болашаққа аманат,  
Жеңіс күні бәрімізге салтанат  
Батыр ағаларымызға мың рақмет,  
Оларға бізден сый құрмет.  
Жеңіс күнін тойлайық біз бәріміз,  
Жеңіс күнін тойлайық жас- кәріміз.  
Бейбітшілік, бақыт, ел байлығын,  
Сақтаймыз біз бәріміз.

*Кабиденова Томирис 3 «ә» сыныбы*

### Менің Отаным-Қазақстан

«Отан – отбасынан басталады» деген нақыл сөз бекер айтылмаса керек. Себебі, Отанды сүю қасиеті бойымызға ана сүті арқылы дариды. Бұл сөз ең алдымен әркімнің отбасынан бастау алады. Адамзат баласы туған жерді бірінші кезекте анаға балайтыны сондықтан деп ойлаймын.

Мен Тәуелсіздігіміздің баянды болуына өз үлесімді қосуды мақсат етудемін. Ол үшін терең білім алып, еліміздің гүлденуі жолында еңбек етсем деймін. Бұл – менің арманым.

*Тақаранова Алуа 5ә-сынып*

### Күз

Келді міне алтын күз,  
Қуанды жас – кәріміз  
Мектепке қарай ағылдық,  
Сөмке арқалап бәріміз.

### Киік

Киелі бір жануар киік деген,  
Тұрады тау басында биікте ең.  
Атпайды оны адамдар ешқашанда,  
Осындай жануарды біліп келем

### Оқулыққа

Ей кітабым, ренжіме маған,  
Үстіңе төкпеймін тағам.  
Сызбай беттеріңді жырtpай,  
Жақсылап қараймын саған.

*Айтжан Ислам 3ә-сынып*



*Кабдиев Ислам 3ә-сынып*



*Еркінбек Әмина 3-сынып*



**Анаға**

Ақ сүтін беріп аялаған,  
Күш – жігерін аямаған.  
Ана деген – асыл адам,  
Құшағын жаяды алдан  
Мен балаңмын саялаған.

**Тұманбай атаға**

Тұман ата 80 – жасың тойлансын,  
Халқың сенің тойыңды бір ойлансын.  
Тіршілікте 40 – томдық өлең жазып,  
Өз – өзіңе ескерткіш те қойғансың!

**Ата өсиеті**

Отан – анаң қорға оны жан балам,  
Отан үшін отқа түс – деп жар салам.  
Деп айтады атам маған өсиет,  
Өсиетті орындауға жан салам.  
Жеңіс күнін қуанышпен тойлаймыз,  
Алғы күнді жақсылықпен ойлаймыз.  
Отан үшін күрескен батырлардың,  
Ерліктерін еске алуды қоймаймыз.

*Садыбеков Жандос  
4 «а» сынып оқушысы*



«Балауса» газеті 2015 жыл №4

«Балауса» ақпараттық, әдеби-  
танымдық газеті

**Бас редактор** – Галиева  
Камила

**Бас редактордың**  
**орынбасары** – Өмірзақов  
Жәнібек

### **Редакция алқасы:**

Бөлім меңгерушісі - Мажинова  
Эльмира

Жауапты хатшы - Амантаева  
Акмарал

Дизайнер /фотограф/  
Жанкушуков Аманат

### **Тілшілер тобы:**

Қоғамдық-әлеуметтік  
жаңалықтар бөлімі -  
Аманжолова Камила

Мәдениет бөлімі - Касымова  
Динел

Әдеби бөлім - Алиханова  
Томирис

Спорт бөлімі - Мукышев  
Жансаят

Біздің мекен – жайымыз:  
Әуезов көшесі,58., тел/факс:  
5-02-80, 6-42-94.

эл.пошта: [gimnaziya-aksu-  
metodkab](mailto:gimnaziya-aksu-metodkab)

Ақсу қаласының дарынды  
балаларға арналған  
мамандандырылған  
гимназиясы